



Қуыршақ: Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Мұғалім: Балалар, ал енді сендер өздеріңнің аттарыңды айтыңдаршы... Сенің атың кім? (Балалар: Менің атым Анеля, ...)

3. Тыңдалым (3-5 мин.)

Мақсаты: тыңдау қабілетін дамыту.

Жабдықтар: Power point-та дайындалған ертегі презентациясы немесе мультфильм.

Балалар, ал енді экранға назар салайық. (Экраннан ертегі көрсетіледі).

4. Дидактикалық ойын «Бірдей көлемді тап» (2-3 мин.)

Мақсаты: «Үлкен», «кіші» түсініктерін меңгерту. Жабдықтар: Үлкен, орташа, кіші құймақ пен табаның суреттері қатты

қағаздан қиылып, алдын ала дайындалады.

Мұғалім: Балалар, біз де сендермен құймақ пісірер алдында дайындық жасайық. Мына құймақ қандай? (Үлкен) Оны қай табаға пісіреміз? (Үлкенге). (Балаларға құймақтаң көлеміне қарай сәйкес табаны табу тапсырылады).

5. Қозғалыс жолдары (2-3 мин.)

Мақсаты: қимыл-қозғалыс пен жалпы моториканы дамыту.

Жабдықтар: массаж жолы, ағаш мүсіндері, «Қызыл телпек» әні.

Мұғалім: Ал, кәнеки, аздап шаршаған сияқтымыз, Қызыл телпекпен бірге біз де орманға саяхатқа аттанайық. (Музыка қосылады, балалар орындарынан тұрып, 4-5 рет массаж жолдарымен өтеді, ағаштарды айналып өтеді, орманда келе жатқан көріністі көрсетеді. Жаттығулар аяқ-киімсіз орындалады.

Мұғалім балалардың алдына жидектердің муляждарын тастап отырады, балаларға жинау тапсырылады. Музыка тоқтаған соң балалар орындарына отырып, келесі тапсырмаға көшеді.

6. Математикалық түсінікті дамыту (5 мин.)

Мақсаты: логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Жабдықтар: Жидектер мен бәліш муляжы, себеттер.

Мұғалім: «Балалар, біз қандай жидектерді жинағанымызды көрейікші.

Жидектерді сорттап, бөлек себеттерге салайықшы. (Балалар мұғалімнің сөздерін қайталап, жидектердің атын атайды: «Таңқұрай», «қожақан», «қой бүлдірген»). Ал енді, қанша таңқұрай, қанша қожақан, қанша қой бүлдіргені бар екенін санайықшы. (Әр балаға жұмыс парақтары таратылады.

Жидектерді сәйкес санмен сызық арқылы біріктіру).

7. Логоритмика (2-3 мин.)

Балалар, Қызыл телпек сендердің көмектеріңе риза болып, қатты қуанып, билегісі келіп тұр, біз де бірге билейікші.

Мақсаты: жалпы моторика, ырғақ сезімін дамыту, әннің сөзін жаттауға, қимыл-қозғалысты тез қайталауға үйрету.

Жабдықтар: «Ортаға тұрайық» әні жазылған әуен. Ортаға біз тұрайық, қолды белге

қояйық.

Оңға, солға иіліп, бір отырып, тұрайық.

Басымызды қозғайық, өкшемізге тұрайық.

Күш сынасып көрейік, кім күштісін білейік.

Ла-ла-ла-ла-ла-ла-ла-ла-ла-ла-ла 2 рет

1,2,3,4,5,6,7,8 (қолды белге қойып, отырып, тұру)

1,2,3,4,5,6,7,8 (қолды белге қойып, екі қадам оңға, екі қадам солға жүру)

8. «Бәліш» қол мен саусақ жаттығуы (5 мин.)

Мақсаты: Қол мен саусақ жаттығуын жасату арқылы ірі және ұсақ моториканы дамыту.

Ұнды елеп аламыз, (екі қолды оңға, солға шайқау)

Кең ыдысқа саламыз. (екі қолмен кең ыдысты бейнелеу)

Тұз бен суды қосамыз, (саусақпен тұз себу, екінші қолмен су құю)

Қамыр илеп аламыз. (қамырды илеу бейнесін көрсету)

Ашыған соң көпіріп, (екі қолмен «көпіру» бейнесін көрсету)

Таптап-таптап қоямыз. (екі жұдырықпен қамырды басу)

Ұсақтап бөліп аламыз, (қамырды 1-2 бөлікке бөліп алу)

Жұқалап біз жаямыз. (оқтаумен жайған бейнені суреттеу)

Қосайық аздап жидекті, (саусақтардың бәрін біріктіру)

Түйдік міне бәлішті. (саусақтарды қысып-қысып бәліш түйю)

9. Қолды жазуға дайындау (2 мин.)

Мақсаты: қарындашты ұстап үйрету, қолды жазуға дайындау, үзік сызықтар сызып үйрету.

Жабдықтар: «Қызыл телпек пен қасқыр» жұмыс парағы.

Қасқыр мен Қызыл телпектің жолдарын сызып өту.

10. «Кім жылдам» ойыны (5 мин.)

Мақсаты: музыканы тыңдап, бұйрықтарды орындап, ережені сақтай отырып, ойнауға үйрету.

Жабдықтар: Қызыл түсті шляпа.

Балаларды ортаға шеңберге отырғызу. Музыка ойнап тұрады, балалар шляпаны бір-біріне тез кигізуі тиіс. Музыка өшкенде кімде шляпа қалса, сол бір өнер көрсетеді. (Өз қалаулары бойынша тақпақ, өлең айтады, би билейді).

2-3 айналым жеткілікті.

11. Шығармашылық «Қызыл телпек» (10-15 мин.)

Мақсаты: шығармашылық қабілетті дамыту, эстетикаға үйрету, моториканы дамыту, мүсіндеуге үйрету.

Жабдықтар: Дайын жұмыс парақтары мен аппликацияға арналған кескіндер, желім.

Балаларға жұмыс парақтары мен алдын ала дайындалған кескіндер таратылады. Балалар өз бетімен сурет бөліктерін орындарына желімдейді.

